Бағдарлама авторлары алдына қойған мақсаттарды орындау барысында табиғат әлеміне, қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарға деген танымдық қызығушылықтарын арттыру әдісі мен оқу іс – әрекетін өткізуде ойын тәсілін қолданған. Сонымен қатар автор бағдарламада педагогтардың міндеті–балалардың табиғаттың бірлігі мен алуан түрлілігі, табиғаттың әр түрлі объектілері арасындағы байланыстар мен қатынастар, табиғаттағы үнемі өзгерістер мен оның дамуы, табиғаттағы тіршілік иелері арасындағы қатынастардың қажеттілігі, табиғатты оңтайлы пайдалану және оны қорғау туралы дүниетанымдық тұжырымдарға жетелеу керектігін көрсеткен.

Бағдарламалық мазмұнды жүзеге асыра отырып, педагог балалардың ой өрісін, заттар , адамдар және олардың еңбегі, өздері жайлы білімдерін кеңейту керек. Бұл міндеттерді шешу балалардың ақыл ой қабілеттерін және тілін дамытады.

Баланың табиғатты танып–білуге деген қызығушылығын оята отырып, педагог оны табиғатпен таныстырып қана коймай, оны түсінуге, өсімдіктер мен құстарды қамқорлауға ,табиғаттың сұлулығын сезіне білуге үйретеді.

Жыл соңына қарай балалар жыл мезгілдерін, жануарлар түрлерін, жеміс-жидектер мен көкөністерді ажыратуды, көлік құралдарын ажыратып тани білуді үйренеді.

Бағдарламада тақырыптық жоспар , сағат саны көрсетілген. Барлық оқу іс – әрекет саны – 36 сағат. Қорыта келе бұл бағдарлама арнайы түзеу мекемелерінің тәрбиеші, дефектолог мамандарына қолдануға ұсынылады.

## Түсіндірме хат

**1.** Психикалық дамуы тежелген балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 5 және 14-баптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына сәйкес әзірленді (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген).

**2. Бағдарламаның мақсаты:**

Балалардың айналасында болып жатқан жайттар мен оқиғаларға қызығушылығын арттыруды жалғастыру.

Қоршаған айналасымен танысу және өзара әрекеттесу арқылы режимдік сәттер мен күнделікті жағдайлардың барысында балалардың пассивті және активті сөздік қорын кеңейтуді жалғастыру.

Диалогқа қатыса отырып, туыстық байланыстар туралы түсініктерін, өз жасын, толық аты-жөнін, тегін, ата-анасының және басқа отбасы мүшелерінің атын атап айтуды қалыптастыру.

Ұйымдастырылған оқу әрекеті және ойын сәттері кезінде күнделікті тұрмыстық жағдайларды ұйымдастыру арқылы балаларда отбасы мүшелеріне қамқорлық жасауға, үй жұмыстарын орындауға, жақындарына деген жылы сезімдерін ауызша білдіруге ұмтылуын ояту.

Лексикалық тақырыптар бойынша объектілер, олардың ерекшеліктері мен маңызы туралы түсініктерді бекіту, объектілерді олардың тағайындану мақсатына қарай және негізгі белгілерді ескере отырып жалпылай білу қабілеттерін дамытуды жалғастыру. Балаларды сөз өзгерту дағдыларды қолданып, заттардың жасалған материалдарын анықтауға және атауға, олардың қасиеттері мен сапаларын сипаттауға үйрету.

Балабақшаның ішінде және алаңында еркін бағдарлау дағдыларын қалыптастыру.

**3. Бағдарламаның міндеттері:**

1) Балалардың айналасында болып жатқан жайттар мен оқиғаларға қызығушылығын арттыруды жалғастыру.

2) қоршаған айналасымен танысу және өзара әрекеттесу арқылы режимдік сәттер мен күнделікті жағдайлардың барысында балалардың пассивті және активті сөздік қорын кеңейтуді жалғастыру.

3) Диалогқа қатыса отырып, туыстық байланыстар туралы түсініктерін, өз жасын, толық аты-жөнін, тегін, ата-анасының және басқа отбасы мүшелерінің атын атап айтуды қалыптастыру.

4) Ұйымдастырылған оқу әрекеті және ойын сәттері кезінде күнделікті тұрмыстық жағдайларды ұйымдастыру арқылы балаларда отбасы мүшелеріне қамқорлық жасауға, үй жұмыстарын орындауға, жақындарына деген жылы сезімдерін ауызша білдіруге ұмтылуын ояту.

5) сөйлеу тілінің барлық компоненттерін дамыту;

6) оқу іс-әрекетінің алғы шарттарын қалыптастыру, жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, мектептегі оқуға дайындау, эмоционалдық-тұлғалық, ерікті және мінез-құлық саласындағы кемшіліктердің алдын алу және жою;

**4. Бағдарламаның мазмұны келесілерге бағытталған:**

1. Балалардың туған елі, мемлекеттік және халықтық мерекелері, еліміздің рәміздері мен олардың тағайындану мақсаты туралы білімдерін кеңейту.
2. Қазақстан Республикасының Президенті туралы, оның халқына қызмет ететіні, халқының әр түрлі мәселелерін шешетіні туралы түсініктерін қалыптастыру.
3. Қазақстан Республикасының рәміздерін тани білуге, еліміздің мемлекеттік рәміздерінің негізгі белгілерін атай білуге үйрету.
4. Балалардың білімдерін, түсініктерін кеңейту: Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мемлекеттік мейрамы туралы, тақпақтар мен әндерді жаттату арқылы балаларды мерекелерге белсенді қатысуға тарту; Отанды қорғаудың қиын, бірақ абыройлы борышы туралы әңгімелер арқылы қазақ әскері туралы.
5. Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандықтардың ерліктерімен таныстыру.
6. Балалардың жолдың жүру бөлігі, жолда жүру ережелері туралы түсініктерін

бекіту. Балаларды бағдаршамның жарық сигналдарына сәйкес жолды кесіп өтуге үйрету.

7. Балалардың жыл мезгілдерінің негізгі белгілері, табиғаттың маусымдық өзгерістері, маусымдық кезеңдегі адамдар мен жануарлардың іс-әрекеті, осы уақыт кезеңінде болып жатқан оқиғалар туралы білімдерін кеңейтуді және ұйымдастырылған оқу әрекеті аясында ол туралы әңгіме айта білу қабілетін бекітуді жалғастыру.
8. Сөйлеуде демеулік және септік жалғауларын қолдану арқылы заттың атын, қимылын, таңбасын білдіретін сөздермен жай жайылма сөйлемді құрастыру және сол арқылы табиғатта әр жыл мезгілінде болатын түрлі оқиғаларды сипаттау дағдыларын жетілдіру.

**Оқыту мен тәрбиелеудің міндеттері:**

қоршаған ортамен таныстыру арқылы сөйлеуді, күрделі сөйлеу орамдарын, сөз тіркестердің ауыспалы мәнін түсіну дандыларын және қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру; қоғамдағы сөйлеу мәдениеті мен мінез-құлық нормаларын сақтау туралы түсініктерді бекіту; сұрақтарға толық сөз тіркесі арқылы жауап беру, өз өтініштерін, тілектерін білдіру, мотивін түсіндіре білу дағдыларын бекіту; білімді үздіксіз кеңейту: қоғамда әрекеттесу және қоршаған әлем туралы түсініктерін кеңейту арқылы өзі туралы, өзін қоршаған ортасы, жиһаздың бөлшектері, ыдыс-аяқ, киім-кешек, көлік құралдары, кәсіптер мен әртүрлі кәсіптегі адамдардың еңбек ерекшеліктері, жануарлар мен өсімдіктер әлемінің объектілері, жансыз табиғат құбылыстары, баланың микро және макро ортасында болып жатқан оқиғалар туралы.

**«Ғажайыптарға толы қоршаған әлем» бойынша тақырыптық жоспар үлгісі**

| № | Тақырып | Бағдарламалық мазмұны | Сағат саны |
|---|---|---|---|
| 1 | «Менің сүйікті балабақшам» | Балабақшаға деген қызығушылығын, сүйіспеншілігін арттыру. Өзінің балабақша ұжымының мүшесі екенін санасына сіңіру, достық қарым-қатынас сезімдеріне тәрбиелеу. «Балабақша» тақырыбы бойынша сөз қорын белсенділеу және кеңейту.Фонематикалық түсініктерін дамыту.Сөзді буынға бөлу дағдысын жетілдіру.Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. | 1 |
| 2 | «Бар байлығым-Отбасым» | «Отбасы» құндылығы туралы түсініктерді отбасы туралы ұғымдарды кеңейту, оны сүйе білуге, отбасы игілігі үшін талмай еңбек етуге үйрету;<br><br>Балаларға өз отбасы мүшелері туралы айтып, олардың қамқорлықтары туралы білім беру.Әр түрлі тапсырмалыр, ойындар арқылы, мақал-мәтел жаттатқызу арқылы тілдік қорларын дамыту, өз ойларын айқын жеткізуге үйрету. Сурет арқылы отбасы туралы қысқаша сипаттау мәтінін құрастыру білігін дамыту,байланыстырып сөйлеу тілін жетілдіру,тақырып бойынша сөздік қорын толықтыру,Фонематикалық түсініктерін дамыту.Тілдік тыныс алуын дамыту.Сөзді буынға бөлу дағдысын жетілдіру. Зейін,артикуляциялық,ұсақ және жалпы моториканы дамыту. | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 3 | «Сүйікті ойыншықтарым» | Ойыншықтар әлемі туралы түсініктерін қалыптастыру. Ойыншықтардың бала өміріндегі маңызы туралы көзқарастарын кеңейту. Балаларды айналадағы қоршаған ортаға танымдық қызығушылықпен қарауға баулу. Байланыстырып сөйлеу тілін және зейінін дамыту.Фонематикалық түсініктерін дамыту.Сөзді буынға бөлу дағдысын жетілдіру. Сөйлеу тілін есту,көріп қабылдау және зейін,артикуляциялық,ұсақ және жалпы моториканы дамыту .Сөйлеу тілін қимыл –қозғалыспен үйлестіру. | 1 |
| 4 | «Күз кереметі» | Күз мезгіліндегі құбылыстармен таныстыру. Күзгі құбылыстарды суреттермен көрсету. Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдысын жетілдіру.Ұзақ және бірқалыпты тыныс шығару,көру,зейінін,ойлау,артикуляциялық, ұсақ және жалпы моториканы дамыту.Сөйлеу тілін қимыл-қозғалыспен үйлестіре білуін дамыту. | 1 |
| 5 | «Жемістер бағы» | Балалардың жемістер туралы түсініктерін кеңейту. Тақырып бойынша сөздікті жетілдіру. Ойлауды дамыту. Сипаттама бойынша жемістерді түрту арқылы ажыратуға үйрету. Сурет бойынша «Жемістер» туралы сипаттау мәтінін құрастырып айту,байланыстырып сөйлеу тілін дамыту.Фонематикалық қабылдауын, бірқалыпты тілдік тыныс алуын дамыту. Қоршаған ортадағы түрлі заттарды сипаттау үшін қажетті заттардың атауын, әрекетін, сипаттамасын қолдана алуды дамыту; Сөйлеу тілін қимыл-қозғалыспен үйлестіруді дамыту,сөйлеу ырғағы және темпімен жұмыс. | 1 |
| 6 | «Дәрумен көзі-көкөністер» | Қоршаған ортадағы заттар туралы білімдерін дамыту, олардың қасиеттерімен таныстыру. Алуан түрлі көкөніс түрлерімен таныстыру. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру. Сурет бойынша «Жемістер» туралы сипаттау мәтінін құрастырып айту,байланыстырып сөйлеу тілін дамыту.Фонематикалық қабылдауын,ойлау,ұсақ моторикасын,көрнекі –бейнелік гнозисін,бірқалыпты тілдік тыныс алуын дамыту.Сөздің буындық құрылымымен жұмыс.Сөзге дыбыстық талдау жасау дағдысын жетілдіру. | 1 |
| 7 | «Саңырауқұлақ-тар» | Балалардың күз туралы түсініктерін кеңейту, саңырауқұлақтардың түрлерімен таныстыру, конструктивті ойлау дағдыларын,танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру,өз бетімен жұмыс жасай білуге үйрету. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Зейін және көру арқылы қабылдау,сөйлеу тілін есту және фонематикалық қабылдау,ойлау,артикуляциялық,ұсақ, және жалпы моторика,сөйлеу тілін қимыл –қозғалыспен үйлестіруін дамыту. Табиғи материалдардан | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | саңырауқұлақтарды құрастыру дағдыларын және геометриялық (сопақша және жартылай дөңгелек ) пішіндерден ұсақ заттарды құрастыру қабілеттерін дамыту.Жұмыстарын ұқыпты жасай білуге,табиғатты аялауға тәрбиелеу. | |
| 8 | «Нанның пайда болуы» | Нан қалай дастарханға келетін туралы түсінік беру. Қаладағы және ауылдағы адамдардың еңбегімен таныстыру. Ұннан жасалатын тағамдар туралы әңгімелету. Диқан мен наубайшылардың еңбегі жайлы түсіндіру. Диқаншы еңбегі туралы білімдерін толықтыру. Нанды ардақтауға, ысырап қылмауға тәрбиелеу, үлкендердің еңбегін бағалауға баулу. Мақал-мәтелдерді, тыйым сөздерді, тақпақты пайдалана отырып, балалардың сөздік қорын, тіл байлығын дамыту | 1 |
| 9 | «Терек, қайың бұтақтары» | Ағаштардың түрлерімен таныстыру.<br>Ағаштардың бұтақтарын тануға, бұтақтарды қабығынан, бүршіктерінің ерекшеліктерінен, иісінен ажыратуға үйрету. Дыбысқа еліктеу, музыкалық аспаптар, шиқылдауыш ойыншықтарды қолданумен түрлі қаттылықтағы (қатты-ақырын), жоғарылықтағы (жоғары-төмен) дыбыстарды қабылдау кезіндегі есту зейінің дамыту; Балалардың байланыстарын сөйлеуін, тілін, сөздік қорын дамыту. | 1 |
| 10 | «Құстарға қамқор боламыз» | Арпа сеуіп үйрету. Зерттеу, тәжірбие жасау қорытындысын шығару. Өзіне, өзінің мүмкіншілігі мен күшіне сенуіне жағдай жасау, белсенділігін арттыру, өзін және өзінің еңбегін бағалауға дағдыландыру.Үй құстарын дұрыс бағуға және оларға қамқор болуға үйрету. Үй құстарының сыртқы түрі туралы білімдерін кеңейту. Атау септігіндегі зат есімнің көпше түрін жасауға үйрету. Зат есімді сан есім, сын есім, етістікпен тіркестіріп сөз тіркесін жасауға үйрету. | 1 |
| 11 | «Салауатты өмір-салты» | Өз денесіне және басқа адамның денесіне бағдарлауға, сондай-ақ дененің өз бөліктерін атауға және көрсетуге үйрету. Көрнекі қабылдауды, зейінді, ойлауды, есте сақтауды дамыту. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын дамыту.Сөйлеу тілінің интонациялық мәнерлілігін,тілдік тыныс алуын,артикуляциялық моториканы дамыту.Тақырып бойынша сөздік қорын кеңейту,белсенділеу. | 1 |
| 12 | «Жиһаздар әлемі» | Жиһаздарды күтуге тәрбиелеу.<br><br>Балалардың жиһаздың негізгі түрлері туралы түсініктерін қалыптастыру. Балаларды жиһаздар қалай, қандай материалдан жасалатынын және олардың қажеттілігі туралы айтып түсіндіру және тіл байлықтарын дамыту. "Үстінде", "астында", "ішінде", "одан", "оған", "сонымен" шылауларын зат есіммен қоса қолдану дағдыларын бекіту<br><br>Сұлулық сезімін, жиһазға ұқыпты карауды тәрбиелеу. | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 13 | «Көлікті тізгіндеймін» | Көлік түрлері жайлы білімдерін қалыптастыру. Атқаратын қызметіне және жүретін ортасына қарай (ауада, суда, жерде) топтастыру. Көліктердің пайдалы және зиянды жақтарымен таныстыру. Адам тұрмысындағы көліктердің пайда болу тарихынан қысқаша мәлімет беру. Балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Сөйлеу ағымында дауыс ырғағы бойынша сөйлемдерді ажыратады: үйрету: сұрау, лепті, хабарлау дауыс ырғақтарын дамыту. | 1 |
| 14 | «Менің жарқын болашағым | Балаларда дәрігер, мұғалім, шаштараз , жол полициясы инспекторы және т .б. кәсібінің маңыздылығы туралы түсінік қалыптастыруды жалғастыру. Еңбек адамдарын құрметтеуге тәрбиелеу . Балаларға қандай мамандық қызықты, өскенде кім болатыны туралы балалармен әңгімелесу. Тақырып бойынша сөздік қорын дамыту.Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру.Фонематикалық түсініктерін ,сөзге дыбыстық талдау жасау біліктерін жетілдіру. 3-4 сөзден тұратын сұрақтар бойынша диалогтік қарым-қатынасты дамыту. | 1 |
| 15 | «Тәуелсіздік тұғыры» | Балаларды Отанға деген мақтаныш, патриоттық сезімін дамыту. «Патриот » деген сөздің терең мәнін түсіндіріп өту. Отанды сүюге, құрметтеп қастерлеуге, өз елін, тегін, тарихын білуге тәрбиелеу. Тәуелсіз еліміздің азаматшалары болуға тәрбиелеу. Артикуляциялық және ұсақ моториканы дамыту.Тілдік тыныс алуын,фонематикалық түсініктерін дамыту.Сөзге дыбыстық талдау жасау білігін жетілдіру. | 1 |
| 16 | «Алақай,Жаңа жыл!» | Қыс мезгіліндегі мерекелер жайлы білімдерін кеңейту. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту.Тілдік тыныс алу және артикуляциялық моториканы дамыту.Сын есім және антоним сөздер сөздігін дамыту.Жаңа жыл туралы әңгімелесу | 1 |
| 17 | «Қызыққа толы қыс» | Балалалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейтіп,сөздік қорын байыту.Сұраққа нақты жауап беріп,сурет мазмұнына сай әңгіме құрап айтуға үйрету.Қысқы ойындарды әңгімелеп айтуға үйрету.Табиғат көрінісін сипаттап,қызықтарын әңгімелету арқылы балалалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Бір-біріне қамқор болуға,ұйымшылдықпен ойнауға тәрбиелеу. | 1 |
| 18 | «Жануарлар әлемі» | Жануарлар төлдерін бір- біріннен ажырата білуге, зейін қойып тыңдауға үйрету. Жануарлар қандай дыбыс шығаратының меңгерту. Байланыстырып сөйлеу тілін, зейінін,фонематикалық қабылдауын,жалпы және ұсақ моториканы дамыту.Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру,қойылған сұрақтарды түсініп,анық дұрыс жауап беру білігін жетілдіру. Антонимдер, синонимдер, заттардың топталуы бойынша жалпылама сөздерді қолдану және түсіне алуды үйрету; | 1 |
| 19 | «Құстардың қысқы | Құстардың қысқы тіршілігі туралы түсінік бере отырып, | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | тіршілігі» | қоршаған ортадағы өзгерістерді бақылай білуге, оларды қорғауға, қамқорлық жасауға баулу. Балалардың ойлау қабілетін, қызығушылықтарын арттыру, табиғатты қадірлеп сүюге үйрету. Зат есімнің көпше түрін жасап жаттығу.Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру. Көріп қабылдау және зейінін, фонематикалық қабылдауын , артикуляциялық моториканы дамыту. Жұмбақтар шешіп үйрену.Сипаттап айтуға жаттығу,сын есім сөздер сөздігін жетілдіру | |
| 20 | «Жануарлардың қысқы мекені» | Жабайы жануарлар,олардың сыртқы түрі,қыс мезгіліндегі тіршілігі туралы түсініктерін бекіту.Тақырып бойынша сөздік қорын анықтау,кеңейту,белсенділеу.<br><br>Фонематикалық түсініктерін,сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын,артикуляциялық моториканы жетілдіру.Салыстырып айтуға ,сипаттауға үйрету.Ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамыту.Сөзге дыбыстық талдау жасау және буынға бөлу дағдыларын жетілдіру<br><br>Ұқыптылыққа,еңбек сүйгіштікке, анық сөйлеуге тәрбиелеу. | 1 |
| 21 | «Асханадағы қызықтар» | Ыдыстар оны пайдалану, бөлшектері, жасалған материалы туралы түсініктерін кеңейту және анықтау.Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру.Сөздің буындық құрылымы туралы түсініктерін жетілдіру.Байланыстырып сөйлеу тілін ,көріп қабылдау және зейінін,артикуляциялық моторика және тілдік тыныс алуын дамыту.Жұмбақтар шешіп ,жаңылтпаштар айтып үйрену.<br><br>Шыншылдыққа,адамгершілікке тәрбиелеу | 1 |
| 22 | «Азық-түлік дүкені» | Азық-түліктер және олардың маңызы туралы түсініктерін кеңейту.Зат есімге қатысты сын есімдер таңдап үйрену.2 сөзден тұратын сөйлемдерді сын есімдермен кеңейту.Сөйлемдерді грамматикалық тұрғыдан дұрыс құрастыруға үйрету.Антоним сөздер сөздігін толықтыру.Мағынасы жақын етістіктерді пайдалану және сөйлеу кезінде қолдануға үйрету (қуыру,пісіру,бұқтыру,қайнату) Жинақтап жалпылап айту дағдыларын жетілдіру.Артикуляциялық моториканы дамыту.<br><br>Жауапкершілік,белсенділік, мейірімділік,бірлесу дағдыларын қалыптастыру. | 1 |
| 23 | «Техника және біз» | Электрлі құралдар және оларды пайдалану,қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін жетілдіру. Сөйлемдерді грамматикалық тұрғыдан дұрыс құрастыруға үйрету.Етістік сөздер сөздігін жаңа сөздермен толықтыру.Байланыстырып сөйлеу тілдерін жетілдіру.Сөздің буындық құрылымы және фонематикалық түсініктерін жетілдіру.Жұмбақтар шешіп үйрену.Артикуляциялық және ұсақ моториканы дамыту. | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Ұқыптылыққа,еңбек сүйгіштікке, анық сөйлеуге тәрбиелеу. | |
| 24 | «Аяқ киім» | Аяқ киім және оның бөліктері, жасалған материалы,оны қолдану және күтім жасау туралы түсініктерін жетілдіру.Етістік және сын есімдер сөздер сөздігін жаңа сөздермен толықтыру .Сөйлемдер құрап айту және сын есімдермен толықтыруғаүйрету.Зат есімнің көпше түрін жасап жаттығу.Сөздерді ілік септігінде айтып жаттығу.Байланыстырып сөйлеу тілдерін, артикуляциялық және ұсақ моториканы дамыту.Дыбыстық және буындық талдау -жинақтау дағдыларын жетілдіру. | 1 |
| 25 | «Асыл жанды аналар» | Ана және ананы құрметтеутуралы түсініктерін жетілдіру.Аналардың қоғамдағы маңызды рөлі туралы түсінік беру.Ана туралы мақал-мәтелдер жаттау.Байланыстырып сөйлеу тілдерін ,фонематикалық түсініктерін дамыту.Сурет бойынша әңгіме құрап айтуға ,сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын дамыту.Сипатап айтуға жаттығу.Артикуляциялық және жалпы моториканы дамыту.<br><br>3. Жауапкершілік,белсенділік, мейірімділік,бірлесу дағдыларын қалыптастыру. | 1 |
| 26 | «Қызықты ертегі әлемі» | Балаларға ертегілер әлеміне еніп, жақсы көңіл күй сыйлау. Оларға қызықты тапсырмалар орындата отырып, тақпақтар, жұмбақтар, ертегілер арқылы тілін дамыту.«Мақта қыз бен мысық» ертегісімен таныстыру.Ертегі тыңдауға  және түсіну,есіне сақтау қайталап айту дағдыларын дамыту.Байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру.Фонематикалық түсініктерін ,артикуляциялық моторика ,тілдік тыныс алуын дамыту.Жұмбақ шешуге үйрету.Рөлде ойнау біліктерін қалыптастыру Жауапкершілік,белсенділік, мейірімділік,бірлесу дағдыларын қалыптастыру. | 1 |
| 27 | «Қуыршақты киіндір» | Киім және оның түрлері туралы түсінік беру. Сөйлеу кезінде «киім» деген жалпылауыш сөзді қолдана білуге үйрету. Киім түрлерімен таныстыру ,киімдерін түсін, санын ұғымдарын жетілдіру. Ойын арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Сөйлем құрату,арқылы сөздік қорларын молайту. Қуыршақты киіндіру арқылы балалардың ұсақ қол маторикасын дамыту. Ойлауын қиялын дамыту. | 1 |
| 28 | «Қош келдің,Наурыз!» | Наурыз мерекесінің басқа мерекелерден ерекшелігін түсіндіру.Мерекелік тілектер,дәстүрлер туралы түсінік беру.Балаларды халқымыздың салт-дәстүрін қадірлей білуге тәрбиелеу. Сөзге дыбыстық және буындық талдау жасау дағдыларын жетілдіру.Артикуляциялық және саусақ моторикасын дамыту<br><br>Шыншылдыққа,адамгершілікке тәрбиелеу. | 1 |
| 29 | «Көктем » | Балаларды көктемгі ауа райы белгілерімен таныстыру.. | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Көктемде табиғатта болып жатқан өзгерістер туралы түсінік беру (аспанның түсінің өзгеруі, қардың еруі, күн жылынуы) Сюжеттік суреттерді қарастыру негізінде Көктем туралы білімді жүйелеу. | |
| 30 | «Зымыран» | Ғарыш және ғарышты адамдардың игеруі,ғарышкер мамандығы туралы түсініктерін қалыптастыру.» «Ғарыш тақырыбы» бойынша сөз қорын кеңейту,толықтыру,дамыту.Тілдік қарым-қатынас дағдыларын ,байланыстырып сөйлеу тілін,көріп қабылдау және зейінін,шығармашылық қиялын дамыту.Сұраққа толық жауап беру дағдыларын дамыту.Тілдік тыныс алу және артикуляциялық моториканы дамыту<br><br>Шыншылдыққа,адамгершілікке тәрбиелеу. | 1 |
| 31 | «Ұшып кететін құстар» | Жыл құстары , олардың сыртқы түрі, тіршілік ету ерекшеліктері, дене бөліктері туралы түсініктерін бекіту.Тақырып бойынша сөздік қорын кеңейту,белсенділеу,толықтыру.<br><br>Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру жұмысын жалғастыру.Зат есімнің көпше түрін жасау және сөйлеу барысында септік жалғауларын дұрыс пайдалануын жетілдіру. Сын есім сөздер сөздігін дамыту.Сөзге дыбыстық талдау жасау және буынға бөлу дағдыларын дамыту.Фонематикалық есту және қабылдауын дамыту<br><br>Ұқыптылыққа,еңбек сүйгіштікке, анық сөйлеуге тәрбиелеу. | 1 |
| 32 | «Теңіз балықтары» | Теңіз және теңіздегі тіршілік иелерінің атауы , олардың тіршілік ету әрекеті,сыртқы түрі туралы түсінік беру. Тақырып бойынша сөздік қорын кеңейту,белсенділеу,толықтыру.<br><br>Сөйлеу тілінің грамматикалық қатарын жетілдіру жұмысын жалғастыру. Сөзге дыбыстық талдау жасау және буынға бөлу дағдыларын дамыту.Фонематикалық есту және қабылдауын дамыту.Жұмбақтар шешіп үйрену.Ойлау, есте сақтау қабілеттерін,зейінін дамыту.<br><br>Ұқыптылыққа,еңбек сүйгіштікке, анық сөйлеуге тәрбиелеу. | 1 |
| 33 | «Хош иісті гүлдер » | Гүлдер әлемі туралы білімдерін тереңдету.Дәстүрден тыс бейнелеу әдісін қолдана отырып, ұсақ қол маторикасын жаттықтыру, шығар-машылық қабілетін дамыту.<br>Балаларды гүлдің кейбір қасиеттерімен таныстыру.<br>Табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Ұсақ қол маторикасын дамыту.<br>Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.<br>Мәдениет-тілікe,жауапкершілікке, тазалыққа баулу. | 1 |
| 34 | «Ер есімі – ел есінде» | Ұлы Отан соғысы кезіндегі Қазақстандық батырлар, олардың ерлігі туралы түсіндіру. Отанды сүюге, қазақ елінің рәміздерін қастерлеуге, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, үйрету. Ата бабаларымыздың ерліктерін әңгімелеу. | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Ой - өрісін, сана - сезімін дамыту. Туған ел, Отан туралы сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілеттерін арттыру.Бойында Отансүйгіштік қасиеттерін, өз еліміздің тәуелсіздігін қадірлей білуге, оны өз бетінше қорғай білуге тәрбиелеу. | |
| 35 | «Құрт-құмырсқалар» | Жәндіктер олардың тіршілік ерекшеліктері, сыртқы түрі мекен ортасы ,атаулары туралы білімдерін толықтыру.Ұзақ және бірқалыпты тыныс шығаруды дамыту.Диалогтік сөйлеу,фонематикалық қабылдау,ойлау, артикуляциялық моторика, ұсақ моторика және жалпы моториканы дамыту,сөйлеуді қимыл-қозғалыспен үйлестіру. Бірлесу,мейірімділік,белсенділік ,жауапкершілік,өзара түсінісушілік дағдыларын қалыптастыру | 1 |
| 36 | «Жазғы табиғат» | Жаз мезгілінің табиғи ерекшеліктерін меңгерту.Табиғатқа, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру. Жаз мезгілі және оның белгілері туралы түсініктерін бекіту.3-5 сөзден сөйлем құрап айтуға үйрену.Зейін,есте сақтау,ойлау қабілеттерін дамыту.Ойлау, есте сақтау қабілеттерін,зейінін және фонематикалық түсініктерін дамытуШыдамдылыққа тәрбиелеу | 1 |

## Күтілетін нәтижелер:

- қоршаған әлемге белсенді түрде қызығушылық танытады;
- жинақталған сөздік қорын сөйлеуде қолданады, заттарды, заттардың қимылдары мен белгілерін атайды, өз ойын білдіретін көмекші сөздер мен жалғаулықтарды қолданады;
- өзінің аты-жөні мен тегін, барлық отбасы мүшелерінің, жақын адамдарының есімдерін біледі және атайды;
- отбасы мүшелеріне қамқорлық жасауды біледі, басқалармен қарым-қатынас кезінде өзінің сезімін көрсетеді, өзінің сезімін, ойын, көңіл-күйін сөзбен жеткізе алады. Ересектердің нұсқауларын орындайды;
- балабақшаның ішкі кеңістігінде, сыртқа аумағында және оған таныс басқа ортада жақсы бағдарланған;
- көлік түрлерін, олардың мақсатын ажыратады. Жолда өзін-өзі ұстау ережелерін, бағдаршамның мағынасын біледі;
- мамандық атауларын, ата-анасының немен айналысатынын біледі. Балабақша қызметкерлері мен ата-аналардың жұмыс процесі туралы шағын әңгіме құра алады.
- Ойыншықтарды атау және ажырату, оларды түсіне, пішініне, материалы неден жасалғандығы туралы, түрлері бойынша топтай;

## Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 5 және 14-баптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына сәйкес әзірленді (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген).

2.Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы (30 қазан 2018 №595)

3.Мектепке дейінгі ересек жастағы (5жастан бастап 6жасқа дейінгі) балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы. Астана 2020ж.

4.А.Р.Алиякбарова., Г.М.Байгушикова. Айналаны қоршаған орта. Экология. Дидактикалық материал. Алматыкітап 2008ж.

5.А.Е.Манкеш., А.Р.Алиякбарова Айналаны қоршаған орта. Хрестоматия. Алматы кітап баспасы. 2008ж.

6.А.У.Сужикова., Ф.С.Лекерова., М.Қ.Солтангазина Менің алғашқы энциклопедиям. Алматыкітап баспасы. 2013ж.

7. Е.Елубаева. Ойлан тап . Алматыкітап баспасы. 2011ж.
8.Е.А.Екжанова , Е.А. Стребелева Коррекционно – развивающее обучение и воспитание. Программа дошкольных образовательных учреждений компенсирующего вида для детей с нарушением интеллекта. Москва «просвещение» 2010г

9. С.Н. Николаева Парциальная программа «Юный эколог» система работы в старшей группе детского сада 5-6 лет

10 С.З.Сағиева «Қоршаған ортамен таныстыру. Экология негіздері 5+» әдістемелік құрал . Алматыкітап баспасы, 2016ж